ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№79 НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №79»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жыл 02 қыркүйек
Қарағанды қаласы

№ 151н/қ
город Караганда

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (*Қазақстан Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып),* Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды бекіту туралы» бұйрығына, «Қарағанды облысы білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 29 қарашадағы №687 бұйрығына, «Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №681н/қ бұйрығына , сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітіген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын

000345

балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары шеңберінде ыстық тамақпен тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2. Ережеге сәйкес білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестіруінің массасын граммен көрсете отырып, күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті ас мәзірді бекіту кезінде Қарағанды облысының білім басқармасы ұсынған ас мәзірі негізінде бекітілген бірыңғай ас мәзірі пайдаланылсын.

3. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектептің әлеуметтік педагогы Ж.И. Садуакасоваға жүктелсін.

4. Ас блогының паспорты дайындалсын.

5. Қала мектептерінде қызметті жеткізуші арнайы жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді орната оытырп, білім алушылармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізу бойынша тиісті шаралар қолданылсын.

6. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Мектептің бас есепшісі (Жуканова А.Ж.)

7.1. 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен (ҚР Үкіметінің 08.05.2025 №320 енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып) көзделген бюджет қаражаты есебінен 5-9 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөнінде жұмыстар ұйымдастырылсын.

7.2 Бөлінген қаржының уақытылы меңгерілуін қамтамасыз етсін.

8. Ыстық тамақтану қызметін жеткізуші (С.В. Лепко)

8.1.1-4 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қарастырылған 5-9 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін ұстансын.

8.2. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.

8.3. Жалпы орта білім беретін ұйымының оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 қаулысына (*ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 қаулысымен өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып)* сәйкес ұйымдастырылсын.

Директор **А.Д. Бакирова**

Бұйрықпен таныстым:
Садуакасова Ж.И.
Жуканова А.Ж.
Лепко С.В.